

Музей тарихы

2021 жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында Астана қаласындағы көптеген білім ордаларына дәстүр бойынша көрнекті саяси қайраткерлердің есімдері берілді. Ал біздің 51 мектеп-гимназиясы да бұдан тыс қалған жоқ, мектеп бұдан былай қазақтың көрнекті қоғам және саяси қайраткері Мұстафа Шоқайдың есімімен аталады. Түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының танымал көшбасшысы Мұстафа Шоқай ең алдымен Түркістан мемлекеттілігін қалпына келтірудің алғашқы тәжірибесі болған Қоқан (Түркістан) автономиясының басшысы ретінде танымал. Бүгінгі таңда Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі мен шығармашылығына деген қызығушылық өте жоғары, өйткені оның есімі халқымыздың тарихымен байланысты. Тарихи тұлғаның саяси мәдениетінің биіктігі, ойының кең ауқымдылығы, білімі, еуропалық және түркі тілдерін білуі оны түркі халықтарының ұлттық революциялық қозғалысының ірі идеологтары қатарына қосты. Мұстафа және оның мол мұрасы, шығармалары бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

25 желтоқсанында мектеп басшысы болған Джумартова Данара Мейранбекқызының бастамасымен қоғам және саяси қайраткер Мұстафа Шоқайдың туған күніне орай көрнекті тұлғаның өмірі мен шығармашылық қызметін, еңбектерін қамтитын музей салтанатты түрде ашылды. Ашылу салтанатына Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Парламент Мәжілісінің депутаттары Жұлдыз Сүлейменова, Қазыбек Иса, «Егемен Қазақстан» АҚ басқарма төрағасы, ғалым, публицист, қоғам қайраткері Дархан Қыдырәлі, Нұр-Сұлтан қалалық Тіл басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп, қоғам қайраткері, саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, сонымен қатар білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Музейдің ашылуына көп еңбек сіңірген, зерттеп, зерделеуге қажетті материалдармен қамтамасыз етіп, оларды музей экспозициясына орналастыруға Әбдіжәлел Бәкірдің еңбегі зор екенін айта кеткен жөн. Музейдің ашылуына Мұстафа Шоқайдың ұрпақтары мен Мұстафа Шоқай атындағы қоғамдық қорының өкілдері де қатысты. Қор Алматы, Қызылорда, Астана сияқты қалаларда жұмыс істейді. Оның құрамында мектепке экспонат іздеуде де, материалдық жағынан да көмек көрсеткен жоғары білімді және қамқорлығын білдірген адамдар бар. Мектеп ұжымы да шет қалмай, экспозицияға түрлі қызықты материалдарды жинауға белсене ат салысты.

Мектеп өмірінде музейдің алатын орны ерекше, ал мұндай музейдің маңызы тіпті зор. Ол тек жәдігерлер сақталатын орын ғана емес, өткен мен бүгінді жалғап, жас ұрпақтың бойына рухани құндылықтар мен тарихи сананы қалыптастыратын тірі тәрбие ордасы. Музей ұрпақтар сабақтастығын

нығайтып, әрбір оқушыға өз тарихын қадірлеуді және болашаққа жауапкершілікпен қарауды үйретеді.

Мектеп музейін құрудың және оның жұмыс істеуінің мақсаты білімінің мүмкіндіктерін пайдалану арқылы М.Шоқай сияқты тәуелсіздікті аңсаған тұлғаны жан-жақты зерттеу, зерделеу, оқу-тәрбие қызметінің оң нәтижелеріне қол жеткізуге көмектесу болып табылады.

Музей оқушылардың азаматтық-патриоттық қасиеттерін қалыптастыруға, дүниетанымын кеңейтуге және танымдық қызығушылықтары мен қабілеттерін тәрбиелеуге, оқушылардың іздеу, зерттеу іс-әрекетінің практикалық дағдыларын игеруге, қосымша білім беру арқылы білім беру процесін жетілдіру мақсаттарына қызмет етуге бағытталған.

Тағы да бір қызықты музейдің бағыты — «Көшпелі музей» атты жоба.

Көшпелі музей – бұл жылжымалы көрме мен экскурсия түрі. Яғни музейдегі ең басты, құнды ақпараттар мен жәдігерлерді, экспонаттарды алып, музейден тыс мекемелерде экскурсия өткізіп, халыққа таныстыру және ақпарат беру. Әдетте адамдар музейге бармайды, керісінше музей адамдарға барады. Жылжымалы экскурсия музейге баруға мүмкіндігі жоқ қонақтарға музейді тамашалауға үлкен мүмкіндік береді. Бұл жоба өзінің ерекше мазмұнымен, басқа жобаларға ұқсамайтындығымен ерекшеленеді. Бүгінде жоба жан-жақты дамып, қарқынды түрде жалғасуда. Осы жоба аясында мұстафатанушылар Қызылорда, Семей және Астана қаласының мектептерінде М.Шоқай шығармашылығымен таныстырды. Алда әлі жоспарлар мен мақсаттар көп.

Біздің музей қорында 600-ден астам жәдігер мен түрлі экспонаттар сақтаулы. Олардың қатарында Мұстафа Шоқайдың әр жылдары пайдаланған құжаттарының көшірмелері, көрнекті қайраткердің өмірінен алынған маңызды деректер, сондай-ақ оның жұбайы Мария Яковлевна Шоқай өз қолымен Сорбонна университеті кітапхана қорына тапсырған құнды жәдігерлердің материалдары бар.

Сонымен қатар музей қорында Мұстафа Шоқайдың өзі пайдаланған портативті қолжазба машинкасы, өзі қолданған үш мөрі және Мария Шоқайға жазған хаттарының түпнұсқалары сақталған.

Музей ашылған күннен бастап мектепте, бұрын да атап өткендей, халықаралық деңгейдегі «Мұстафа Шоқай-бүкіл түркі жұртының ұлы перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жүйелі түрде өткізіліп келеді. Аталған басқосуларға Түркия, Франция, Грузия, Әзербайжан, Германия, Өзбекестан және өзге де елдерден келген профессорлар мен мұстафатанушы ғалымдар, сондай-ақ мектеп оқушылары,

студенттер мен ұстаздар белсенді түрде қатысады. Конференциялар онлайн және офлайн форматта өткізіледі.

Сондай-ақ, бүгінгі таңда біз көптеген музейлермен және мекемелермен ынтымақтастық орнатып, меморандумдарға қол қойдық, соның ішінде: «Әлем» қауымдастығы – Францияда орналасқан, қазақ мәдениеті мен дәстүрін танытып, насихаттауға бағытталған қоғамдық ұйым, Семей қаласындағы «Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы», Қызылорда қаласындағы Мұстафа Шоқай ғылыми орталығы, Қорқыт атындағы университеті, ҚР Президент орталығымен, Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейімен, т.б мекемелерімен жұмыс атқаруда

Мектепте музей ашылғалы бері Мұстафа Шоқайдың өмірі мен шығармашылығына арналған «Мұстафа Шоқайдың қазақ тарихында алатын орны» «Мұстафатану» факультативтік сабақтары жүргізулуде, «Ұлты үшін туған ұлы тұлға-Мұстафа» тақырыбындағы Түркиядағы Мимар Синан Өнер университеті Тарих кафедрасының профессоры, ғалым Әбдіуақап Қарамен кездесу, Франциядағы «Әлем» ассоциациясының вице-президенті, Франция елшілігінің консулдық бөлімінің консултанты Искакова Майра Сұңғатұқызымен кездесу, «Мұстафа Шоқай-бүкіл түркі жұртының ұлы перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы сынды бірқатар шаралар өткізілді. Кіші сыныптарға арналған «Мұстафа Шоқайдың мұражайына саяхат» танымдық экскурсиясы, «Біздің музей» интерактивті экскурсиясы, «Мұстафа Шоқай - біртұтас Түркістан идеяларының күрескері», «Алаш қайраткерлерінің арманы – Тәуелсіздік» атты дөңгелек үстелдер, «Музейдегі 45 минут» тақырыбындағы сынып сағаты, «Мұстафа Шоқай – әлемге танылған тұлға» атты профессор Бәкір Әбдіжәлелмен кездесулері өткізіп, танымдық жұмыстар іске асырылуда.

Әрбір музейдің жаны — музейдегі адамдар. Біздің музейдің жүрегі — Мұстафатанушылар. Олар жай ғана экскурсовод емес, Мұстафа Шоқайдың мұрасын жүрекпен сезініп, келушілерге тарихты тірілтіп жеткізетін жас шырақшылар.

Мұстафатанушылар – халықаралық, республикалық және қалалық байқаулардың белсенді қатысушылары. Олардың әрбір қатысуы – біз үшін үлкен жеңіс. Себебі әр байқауда біздің оқушылар міндетті түрде жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұл, ең алдымен, Мұстафа Шоқай тұлғасының терең де қызықты болуымен байланысты. Сонымен қатар, балалардың шынайы қызығушылығы мен ынтасы оларға әрдайым жеңіске жетуге күш береді.



Біздің оқушылар — зор мақтанышымыз, музейдің ажырамас бөлігі. Алғашқы Мұстафатанушылар Ұлттық музей жанындағы «Мирас» үйірмесінде тәлім алып, кәсіби деңгейде дайындалып, сертификатталған экскурсовод атанды. Олар Мұстафатанушы атану рәсімінен өтіп, бұл мәртебені ерекше жауапкершілікпен әрі үлкен мақтанышпен қабылдады.

Бүгінде Мұстафатанушылардың саны отыздан асады. Уақыт өз дегенін жасайды: балалар мектеппен қоштасады, бірақ олардың жүрегінде Мұстафа Шоқай да, Шоқай музейі де мәңгі сақталады. Өздері айтқандай, бұл музей — олардың өмір жолындағы рухани темірқазық. Мұндай сөздер біз үшін ең үлкен қуаныш және біз үшін жетістік.



